

Облыстық бюджет және облыс қалалары мен аудандары бюджеттері арасындағы (облыстық маңызы бар қалалардың) 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы

Абай облысы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 11/68-VII шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 44, 45-баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының " Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2023–2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы" Заңына сәйкес, Абай облысының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен 2023 жылға арналған облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 34 055 019 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Семей қаласы – 19 782 427 мың теңге;
- Курчатов қаласы – 917 526 мың теңге;
- Аягөз ауданы – 8 957 904 мың теңге;
- Бородулиха ауданы – 356 046 мың теңге;
- Жарма ауданы – 4 041 116 мың теңге.

2. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен 2024 жылға арналған облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 37 613 913 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Семей қаласы – 22 087 181 мың теңге;
- Курчатов қаласы – 1 054 040 мың теңге;
- Аягөз ауданы – 9 221 152 мың теңге;
- Бородулиха ауданы – 416 568 мың теңге;
- Жарма ауданы – 4 834 972 мың теңге.

3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен 2025 жылға арналған облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың көлемі 42 455 869 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

- Семей қаласы – 24 343 274 мың теңге;
- Курчатов қаласы – 1 222 922 мың теңге;
- Аягөз ауданы – 10 001 975 мың теңге;
- Бородулиха ауданы – 758 624 мың теңге;
- Жарма ауданы – 6 129 074 мың теңге.

4. Облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін 2023 жылға бюджеттік субвенциялар 5 703 330 мың теңге, соның ішінде:

- Абай ауданына – 1 186 012 мың теңге;
- Ақсуат ауданына – 1 002 590 мың теңге;
- Бесқарағай ауданына – 1 060 051 мың теңге;
- Көкпекті ауданына – 1 333 371 мың теңге;
- Үржар ауданына – 1 121 306 мың теңге.

5. Облыстық бюджеттен облыс аудандарының (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін 2024 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 5 612 873 мың теңге сомасында белгіленсін, соның ішінде:

- Абай ауданына – 1 117 863 мың теңге;
- Ақсуат ауданына – 1 040 974 мың теңге;
- Бесқарағай ауданына – 1 049 841 мың теңге;
- Көкпекті ауданына – 1 466 451 мың теңге;
- Үржар ауданына – 937 744 мың теңге.

6. Облыстық бюджеттен облыс аудандарының (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін 2025 жылға арналған бюджеттік субвенциялар 5 466 889 мың теңге сомасында белгіленсін, соның ішінде:

- Абай ауданына – 1 113 029 мың теңге;
- Ақсуат ауданына – 989 379 мың теңге;
- Бесқарағай ауданына – 1 080 780 мың теңге;
- Көкпекті ауданына – 1 460 879 мың теңге;
- Үржар ауданына – 822 822 мың теңге.

7. Облыстық бюджет шығыстарында осы шешімнің қосымшасында көрсетілген бағыттар бойынша бюджет қаражатының ең аз көлемі ескерілсін.

8. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады.

Абай облысы мәслихатының хатшысы

К. Сулейменов

Абай облысы мәслихатының
2022 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 11/68-VII шешімнің
қосымшасы

Салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

мың теңге

Р/с №	Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Абай облысы	18 632	18 632	18 632

Вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Абай облысы	899 326	1 164 626	1 164 626

"Ауыл-ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Атауы	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Абай облысы	1 614 060	1 614 060	1 614 060

Облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдары және ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Атауы	оның ішінде:								
		Барлығы			Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге			"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге		
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Абай облысы	12 458 551	12 514 326	12 514 326	9 923 118	9 978 893	9 978 893	2 535 433	2 535 433	2 535 433

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде амбулаториялық-емханалық көмек және стационарлық көмек көрсететін ұйымдар үшін күрделі шығындарды жүзеге асыруға бағытталатын бюджет қаражатының ең төмен көлемі

МЫҢ ТЕҢГЕ

P/c №	Атауы	Барлығы			оның ішінде:		
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін медициналық техниканы сатып алуға		
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Абай облысы	5 025 475	3 645 032	5 675 109	3 423 327	1 603 034	3 244 010

продолжение таблицы

Р/с №	Атауы	оның ішінде:					
		2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
		"Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасы аясында аудандық ауруханаларды заманауи компьютерлік томографтармен, рентген аппараттарымен, сондай-ақ перзентханалармен, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелерімен, медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттермен, дәрігерлік амбулаториялармен жаратқандыру			Денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуге		
1	Абай облысы	525 333	965 183	1 354 284	1 076 815	1 076 815	1 076 815